

"Казникель" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерттеуді жүргізу үшін Жетіжар ауылдық округінің аумағындағы "Горностаевское" кен орынында қауымдық сервитут орнату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының әкімдігінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 152 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 мамырда № 7105 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17-бабы 1 -1) тармақшасына, 71-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымша бойынша, "Казникель" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Жетіжар ауылдық округінің аумағындағы "Горностаевское" кен орынында пайдалы қазбаларды барлау және геологиялық зерттеуді жүргізу үшін жалпы көлемі 861,0 гектар жер телімдеріне қауымдық сервитут 2022 жылғы 26 ақпанға дейін мерзімге орнатылсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) аумақтық әділет органдарында осы қаулыны мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркеуден кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Бесқарағай ауданының аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) оның ресми жариялануынан кейін осы қаулыны Бесқарағай ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Бесқарағай ауданының әкімі орынбасарының міндетін атқарушы А.М. Алимбаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесқарағай ауданының әкімі

Ш. Байбеков

Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2020 жылғы 20 мамыры
№ 152 қаулысына қосымша

Қауымдық сервитут орнатылған жер телімдерінің тізбесі (шектеулі нысаналы пайдалану құқығы)

№ р/с	Телімнің кадастрлық нөмірі	Жер пайдаланушы	Нысаналы мақсаты	Жалпы көлемі, га	Қауымдық сервитут көлемі , га
1	05-240-024-104	Абдрахманов Талгат Хайруллович	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	1119,0	403,0
2.	05-240-024-118	Жаксыбаев Мансур Ныгметович	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	822,0	47,0
3.	05-240-024-119	Давлетова Разия Раминовна, Вердиханова Гюллерхан Раминовна	Шаруа қожалығын жүргізу үшін	1260,0	332,0
4.	05-240-024-046	ТОО "Манап и К"	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	1500,0	79,0
	Барлығы				861,0